

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
| <p> ONTÜSTIK-QAZAQSTAN<br/> MEDISINA<br/> AKADEMIASY<br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  |  | <p> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> MEDICAL<br/> ACADEMY<br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| Жастар саясаты бөлімі  |  | Е 330-2024  |   |
| “Sanaly urpaq” жобалық кеңсесі туралы ереже  |  | 2-ші басылым<br>8 беттің 1 беті   |   |

20.05.2024 № 122

## “SANALY URPAQ” ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 330-2024

| Күні | Көшірме | Басылым |
|------|---------|---------|
|      |         | Екінші  |



|  |  |   |  |
|--|--|---|--|
| <p style="text-align: center;"> ONTÜSTİK-QAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p style="text-align: center;">  SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |  |
| Жастар саясаты бөлімі  |  | E 330-2024  |  |
| “Sanaly ығрақ” жобалық кеңсесі туралы ереже  |  | 2-ші басылым<br>8 беттің 2 беті   |  |

20.05.2024 № 122

## МАЗМҰНЫ

|   |   |
|---|---|
| 1. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....                                   | 3 |
| 2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ<br>ҚЫСҚАРТУЛАР..... | 3 |
| 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....  | 4 |
| 4. МІНДЕТТЕРІ.....  | 5 |
| 5. ҚЫЗМЕТТЕРІ.....  | 6 |
| 6. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....   | 7 |
| 7. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....   | 8 |
| 8. БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ....           | 8 |

|   |  |   |   |
|---|--|---|---|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия» |
| Жастар саясаты бөлімі   |  | Е 330-2024  |   |
| “Sanaly ығрақ” жобалық кеңсесі туралы ереже   |  | 2-ші басылым<br>8 беттің 3 беті   |   |

20.05.2024 № 122

## 1 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бекітілген, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен),
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен),
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен

сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2024. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы,

- Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасы және «Sanaly ығрақ» жобалық кеңсесінің 2018-2020 жылдарға арналған жарғысы,
- «ОҚМА» АҚ «Академиялық адалдық Ережесі».

## 2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолданылды:

«Адалдық алаңы» жобасы - қала тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ

|  |  |   |   |  |
|--|--|---|---|--|
| ONTÜSTİK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>         АКАДЕМИАСЫ</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>         ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |  |
| Жастар саясаты бөлімі  |  | Е 330-2024  |   |  |
| “Sanaly uiraq” жобалық кеңсесі туралы ереже  |  | 2-ші басылым<br>8 беттің 4 беті   |   |  |

20.05.2024 № 122

қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде азаматтық қоғаммен тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

«Ізгілік елшісі» жобасы – мұқтаж азаматтар мен жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созу.

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» Акционерлік қоғамы;

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары,

ЖОО – жоғары оқу орны,

ҚР СТ - Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты,

ПОҚ – профессор оқытушылар құрамы.

### **3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан кейін – «ОҚМА» АҚ) «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесі Ережесі 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасы және «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесінің 2018-2020 жылдарға арналған Жарғысының негізгі бағыттарын (бұдан әрі - Бағдарлама), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларын іске асыру мақсатында әзірленді.

3.2 «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесі - «ОҚМА» АҚ құрылымдық буыны ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, алдын-алу және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларының жұмысын үйлестіруші және бақылаушы орган болып табылады.

3.3 «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесі - Ғылыми Кеңестің шешімімен және «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен құрылады және таратылады.

3.4 «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесі Жастар саясаты бөліміне (бұдан кейін – бөлім) тікелей бағынады.

3.5 «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесі Ережесіне өзгерісті бөлім меңгерушісі ұсынысымен енгізеді.

|  |  |   |   |  |
|--|--|---|---|--|
| ONTÜSTIK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>         AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>         ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |  |
| Жастар саясаты бөлімі  |  | Е 330-2024  |   |  |
| “Sanaly ugraq” жобалық кеңсесі туралы ереже  |  | 2-ші басылым<br>8 беттің 5 беті   |   |  |

20.05.2024 № 122

3.6 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету ҚР СТ 1158-2002 талаптарына сәйкес жасалады.

#### 4 МІНДЕТТЕРІ

«Sanaly Ugraq» жобалық кеңсесінің негізгі міндеттері төмендегідей:

- білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жою;
- білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік тәрбие, азаматтық-патриоттық тәрбие беруге бағытталған шараларды іске асыру;
- студенттік ортада жемқорлыққа қарсы сана мен жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- студенттердің саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қарым-қатынасты нығайту жөніндегі бастамаларды көтермелеу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;
- сапа саласындағы «ОҚМА» АҚ саясаты мен мақсаттарын жүзеге асыру;
  - «ОҚМА» АҚ білім алушылары мен ПОҚ, қызметкерлер арасында жемқорлыққа қарсы құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыруды насихаттау;
  - «ОҚМА» АҚ білім алушылар мен ПОҚ, қызметкерлер арасында «Академиялық адалдық Ереже» талаптарын ұстануды насихаттау;
  - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасын «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру;
  - «ОҚМА» АҚ деңгейінде «Sanaly ugraq» жобалық кеңсесінің ұсынымдарын іске асыруды ұйымдастыру;
  - Шымкент қаласы ЖОО мен колледждері арасында «Ізгілік елшісі» республикалық жобасы жұмысын және жоба бойынша әдістемелік көмек беруді ұйымдастыру.

|  |                                 |   |
|--|---------------------------------|---|
| ONTÜSTİK-QAZAOSTAN<br><b>MEDISINA<br/>         AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |                                 |  SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>         ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Жастар саясаты бөлімі  | Е 330-2024                      |   |
| “Sanaly uiraq” жобалық кеңсесі туралы ереже  | 2-ші басылым<br>8 беттің 6 беті |   |

20.05.2024 № 122

## 5 ҚЫЗМЕТТЕРІ

5.1 «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесінің қызметтері келесідей:

- сыбайлас жемқорлық көрінісінің белгілерін, ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау саласындағы «ОҚМА» АҚ қызметін көрсететін үдерістерге мониторингті ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды дайындау мен өткізуді бақылауды қамтамасыз ету;

- білім беру, тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінде қазіргі жемқорлыққа қарсы технологиялар мен механизмдерді қолдануды қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы себептер мен жағдайларды уақытылы жоюға бағытталған іс-шараларды өткізу;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасын «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесінің ұсынымдарында қамтылған негізгі басымдықтарды «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас құру;

- «Ізгілік елшісі» жобасы бойынша түсіндіру, ұйымдастыру, үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру.

5.2 «Sanaly uiraq» жобалық кеңсе өкілеттілігі.

«Sanaly uiraq» жобалық кеңсе «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді жүзеге асыру саласындағы және «Адалдық алаңы», «Саналы ұрпақ», «Ізгілік елшісі» республикалық жобалары қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады.

«Sanaly uiraq» жобалық кеңсе «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар

|   |  |   |  |
|---|--|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| Жастар саясаты бөлімі   |  | Е 330-2024  |  |
| “Sanaly ugraq” жобалық кеңсесі туралы ереже   |  | 2-ші басылым<br>8 беттің 7 беті   |  |

20.05.2024 № 122

енгізеді, өз құзіреті шегінде ішкі нормативтік актілер жобаларын дайындауға қатысады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру әдістері мен нысандарын дамытуға қатысады, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі Қоғамдық Кеңеспен бірге «ОҚМА» АҚ құрылымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға қатысады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында «ОҚМА» АҚ қызметін ұйымдастыру, жетілдіру және үйлестіру бойынша өз құзіреттілігі шегінде шешімдер қабылдайды, осы шешімдердің орындалуын қадағалайды.

## 6 ҚҰҚЫҚТАРЫ

«Sanaly ugraq» жобалық кеңсесі өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мынадай құқықтары бар:

- ұйымдастыру-техникалық жағдайларды қамтамасыз ету және негізгі міндеттерін орындау үшін қажетті белгіленген құжаттарды ресімдеу мәселелері бойынша «ОҚМА» АҚ басшылығына жүгіну;
- «Sanaly ugraq» жобалық кеңсе құзыреті шегінде және қызмет саласы бойынша шешімдер қабылдау, ұсыныстар енгізу;
- «ОҚМА» АҚ басшылығының қарауына жобалық кеңсе қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар, түсіндірме жазбалар енгізу;
- «Sanaly ugraq» жобалық кеңсесінің атынан әрекет ету, «ОҚМА» АҚ басқа құрылымдық бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста оның мүдделерін білдіру;
- құрылымдық бөлімшелер басшыларының атына лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты мәселелер бойынша өтініштер (хабарламалар, ұсынымдар және басқа да актілер) енгізу;
- «ОҚМА» АҚ басқа ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелерінен және мамандардан лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату;

|  |                                 |
|--|---------------------------------|
| <p style="text-align: center;"> ONTÜSTİK-QAZAOSTAN<br/> MEDISINA<br/> AKADEMIASY<br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p>  <p style="text-align: center;"> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> MEDICAL<br/> ACADEMY<br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |                                 |
| Жастар саясаты бөлімі  | Е 330-2024                      |
| “Sanaly ugraq” жобалық кеңсесі туралы ереже  | 2-ші басылым<br>8 беттің 8 беті |

20.05.2024 № 122

– «ОҚМА» АҚ ректорына тікелей бағынысты қызметкерлерді заңнамамен белгіленген тәртіпте тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныспен жүгіну.

### 7 ЖАУАПКЕРШІЛІК

- «Sanaly ugraq» жобалық кеңсесі жауапты:
- ұйымдастыру және іске асыру нәтижелері үшін;
  - лауазымдық нұсқаулықтарды, ішкі нормативтік құжаттарды тиісінше орындалуын қадағалауға;
  - ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
  - берілген құқықтарды заңсыз пайдалану, қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдаланған жағдайдашара қолдануға жауапты.
  - бекітілген Ережедегі мәліметтерді бөлім қызметкерлеріне жеткізуге «Sanaly ugraq» жобалық кеңсесі жауапты.

### 8 БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

«Sanaly ugraq» жобалық кеңсесі, «Шымкент-Адалдық алаңы» және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен, Шымкент қаласының әкімдігімен, жастар ұйымдарының өкілдерімен, БАҚ және басқа да уәкілетті органдармен байланысты қолдайды. Халықаралық стандарт талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізуді іске асыруға жәрдемдеседі.

### Лист согласования и подписания

| ФИО                                     | Тип действия     | Время и дата согласования или подписания | Замечания     | Данные по ЭЦП  |
|---|------------------|--|---------------|--|
| Кабиштаев<br>Орынбасар<br>Абдукаримович | Проверено        | 17.05.2024, 15:09:04                     | Без замечаний |  |
| Ержанов Нурлан<br>Амирович              | Проверено        | 20.05.2024, 09:21:35                     | Без замечаний |  |
| Есиркепов Марлен<br>Махмудович          | Согласовано      | 17.05.2024, 15:30:36                     | Без замечаний |  |
| Сәлім Ербол<br>Қалтұрсынұлы             | Согласовано      | 20.05.2024, 10:56:47                     | Без замечаний |  |
| Рысбеков Мырзабек<br>Мырзашевич         | Подписано        | 20.05.2024, 10:59:22                     | Без замечаний | Издатель ЭЦП -<br>ҰЛТТЫҚ<br>КУӘЛАНДЫРУШЫ<br>ОРТАЛЫҚ (GOST),<br>РЫСБЕКОВ<br>МЫРЗАБЕК,<br>Акционерное<br>общество<br>«Южно-Казахстанская I |
| Рысбеков Мырзабек<br>Мырзашевич         | Зарегистрировано | 20.05.2024, 10:59:24                     | Без замечаний | Издатель ЭЦП -<br>ҰЛТТЫҚ<br>КУӘЛАНДЫРУШЫ<br>ОРТАЛЫҚ (GOST),<br>РЫСБЕКОВ<br>МЫРЗАБЕК,<br>Акционерное<br>общество<br>«Южно-Казахстанская I |